



## "Интегралдық микротәсімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 желтоқсан N 1831

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Интегралдық микротәсімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Интегралдық микротәсімдер топологияларын  
құқықтық қорғау туралы

1-бап. Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Заң мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бюллетень - Қазпатенттің өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылымы;

2) интегралдық микротәсім - электронды схема қызметін атқаруға бағытталған элементтері мен байланыстары бұйым даярланған негіздегі материалдың көлемінде және/немесе бетінде ажырағысыз қалыптасқан түпкілікті немесе аралық нысандағы  
м и к р о э л е к т р о н д ы б ұ й ы м ;

3) коммерциялық мақсаттарға пайдалану - сату, жалға беру немесе коммерциялық таратудың басқа да тәсілі. Бұдан әрі осы Заң мәтінінде егер басқаша айтылмаса, пайдалану деп нақ коммерциялық мақсаттарда пайдалану ұғымы қолданылады;

4) патенттік сенімді уәкілдер - заңнамаға сәйкес Қазпатент алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілдігіне құқық берілген азаматтар;

5) құқық иеленуші - автор, оның мұрагері, сондай-ақ заң немесе шарт күшімен алынған айрықша құқықты иеленуші кез келген жеке немесе заңды тұлға;

б) интегралды микротәсім топологиялары (бұдан әрі - топологиялар) материалдық тасығышта белгіленген интегралды микротәсімдер элементтері жиынтығының кеңістік-геометриялық орналасуы және олардың арасындағы байланыстар.

## 2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Топологияларды жасауға, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын мүліктік, сондай-ақ солармен байланысты жеке мүліктік емес қатынастар осы Заңмен реттеледі.

## 3-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган

Мемлекеттік патент ұйымы (бұдан әрі - Қазпатент) уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады, ол топологияларды қорғау саласында осы Заңға сәйкес мемлекеттік монополияны қамтамасыз етеді, топологияларды тіркеуге өтінімдерді қарауға қабылдайды, олар бойынша сараптамалар жүргізеді, куәліктер береді, бюллетеньде тіркелген топологиялар туралы мәліметтер жариялайды және өзіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

## 4-бап. Құқықтық қорғау объектісі мен шарты

1. Осы Заңмен берілетін құқықтық қорғау тек түпнұсқа топологияларға ғана қолданылады.

2. Автордың шығармашылық қызметі нәтижесінде жасалған топология түпнұсқа болып табылады. Керісінше екендігі дәлелденбейінше, топология түпнұсқа болып табылады.

3. Элементтерінің жиынтығы интегралдық микротәсімдерді жасау күніне әзірлеушілер мен жасаушыларға жалпы мәлім топологияларға осы Заңмен құқықтық қорғау берілмейді.

Интегралдық микротәсімдерді әзірлеушілер мен жасаушыларға оны жасау күніне жалпы мәлім элементтерден тұратын топологияларға, егер мұндай элементтер жиынтығы осы баптың 2-тармағы талаптарын тұтасымен қанағаттандыратын жағдайда ғана құқықтық қорғау беріледі.

4. Осы Заңмен берілетін құқықтық қорғау топологияларда жүзеге асырылуы мүмкін идеяларға, тәсілдерге, жүйелерге, технологияға немесе бүркемеленген ақпаратқа

## 5-бап. Топологияларға берілетін авторлық

1. Өзінің шығармашылық еңбегімен топологиялар жасаған жеке тұлға оның авторы болып танылады.

2. Егер топологияларды жасауға бірнеше жеке тұлға қатысса, олардың бәрі оның авторлары (тең авторлары) болып есептеледі. Тең авторларға тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен айқындалады.

3. Топологияларды жасауға жеке шығармашылық үлесін қоспаған, авторға тек техникалық, ұйымдық немесе материалдық көмек көрсеткен не оған және оны пайдалану құқығын ресімдеуге жәрдемдескен жеке тұлғалар автор ретінде танылмайды.

4. Топологияларға авторлық құқық ажыратылмайтын жеке мүліктік емес құқық болып табылады және мерзімі белгіленбей қорғалады.

## 6-бап. Топологияларды пайдалануға айрықша құқық

1. Топологияларды пайдалануға айрықша құқық топологиялар авторына (авторларына) не осы Заңның 8-бабында көзделген жағдайларда жұмыс немесе тапсырыс берушіге немесе олардың құқықтық мұрагерлеріне тиесілі болады.

2. Құқық иеленушінің топологияларды өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен, атап айтқанда, осы Заңның 9-бабымен көзделгеннен басқа жағдайларда, бұл топологияларды басқа адамдардың құқық иеленушінің тиісті рұқсатынсыз пайдалануына тыйым салу құқығын қоса алғанда, осы топологиялы интегралды микротәсімдер жасау жолымен пайдалануға құқығы бар.

3. Бірнеше құқық иеленушіге тиесілі айрықша құқықты пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен айқындалады.

Мұндай келісім болмаған ретте олардың әрқайсысы қорғалатын топологияларды өз қалауы бойынша пайдалана алады, бірақ қалған құқық-иеленушілердің келісімінсіз оған лицензия беруге немесе басқа біреуге айрықша құқығын беруге құқысы жоқ.

4. Құқық иеленушінің рұқсатынсыз мына әрекеттерді жасау топологияларды пайдалануға айрықша құқығын бұзу болып табылады:

1) топологияларды тұтастай немесе оның бір бөлігін, тек түпнұсқа болып табылмайтын бөлігін көшіруден басқа, интегралдық микротәсім енгізу жолымен немесе өзге түрде көшіру;

2) топологияларды, осы топологиялы интегралды микротәсімді немесе осындай интегралдық схема кіретін бұйымдарды қолдану, әкелу, сатуға ұсыныс жасау, сату және азаматтық айналысқа өзге де енгізу.

## 7-бап. Айрықша құқықты беру

1. Топологияларға айрықша құқық басқа тұлғаға шарт бойынша толық немесе ішінара берілуі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мұрагерлік тәртібімен және заңды тұлға - құқық иеленушінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде көшеді.

2. Лицензиялық шарт бойынша құқық иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) топологияларды белгілі түрде уақытша пайдалану құқығын береді.

### 3. Лицензиялық шарт лицензиатқа:

1) топологияларды лицензиардың пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, оны пайдалану және басқа тұлғаларға лицензия (жай, айрықша емес лицензия) беру құқығын;

2) топологияларды лицензиялардың пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, оны пайдалану құқығын, бірақ басқа тұлғаға лицензия (айрықша лицензия) беру құқығынсыз;

3) топологияларды лицензиардың пайдалану құқығы сақталмай, оны пайдалану құқығын және басқа тұлғаға лицензия (толық лицензия) беру құқығынсыз беруін көздеуі мүмкін.

Егер лицензиялық шартта лицензияның түрі көзделмесе, ол жай, айрықша емес болып табылады.

4. Лицензиаттың басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) топологияларды (қосалқы лицензиялық шартты) пайдалану құқығына айрықша емес лицензия беру туралы шарт тек лицензиялық шартта көзделген жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

Қосалқы лицензиаттың іс-әрекеттеріне лицензиар алдындағы жауапкершілікті, егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат көтереді.

5. Топологияларды пайдалануға айрықша құқық беру туралы шарт лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалады.

Тіркелген топологияларға айрықша құқықты беру туралы шарт тіркелген топологияларды пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарт Қазпатентте тіркелуге жатады.

Топологияларға айрықша құқықты беру туралы тіркеу жүргізілмеген шарт, аталған топологияларды пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарт тараптардың келісімі бойынша Қазпатентте тіркелуі мүмкін.

Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптардың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

8-бап. Қызметтік міндеттерін орындау тәртібімен және тапсырысшымен шарты бойынша жасалған топологияларға айрықша құқық

1. Қызметтік міндеттерін орындау немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау ретінде жасалған топологияларға айрықша құқық, егер оны мен автор арасында өзгеше көзделмесе, жұмыс берушіге тиесілі болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген топологиялар үшін авторға сыйақының мөлшері, төлеу шарты мен тәртібі автор мен жұмыс беруші арасындағы келісіммен айқындалады. Келісімге қол жетпеген жағдайда шешімді сот шығарады. Егер автор мен жұмыс берушінің топологияларды жасауға үлестерін мөлшерлеу мүмкін болмаса, жұмыс беруші алған немесе алуға тиіс пайданың жартысына автордың құқығы танылады.

3. Жұмыс беруші болып табылмайтын тапсырысшымен шарт бойынша автор жасаған топологияларға айрықша құқық, егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшыға тиесілі болады.

#### 9-бап. Құқық иеленушінің айрықша құқық иеленуін бұзу болып танылмайтын іс-әрекеттер

1. Мыналар құқық иеленушінің айрықша құқығын бұзу болып танылмайды.

1) интегралдық микротәсімі бар заңсыз көбейтілген топологиялардан немесе бұйымнан интегралдық микротәсімдерге қатысты осы Заңның 6-бабының 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттер жасау, егер мұндай пайдалануды жүзеге асырушы осы интегралдық микротәсімдері бар бұл интегралдық микротәсімдер немесе бұйымдар топологияларды пайдаланудың айрықша құқығын бұзумен жасалғанын және таратылғанын білмесе және білуге тиіс болмаса. Құқық иеленушіден тиісті хабарлама алған соң бұл тұлға мұндай топологияларға лицензияны еркін сатып алу кезінде төленген қолайлы роялтиге баламалы соманы құқық иеленушіге төлеген жағдайда, қолда бар қорға немесе осы уақытқа дейін тапсырыс берілген өнімдерге қатысты кез-келген іс-әрекет жасауға құқылы;

2) топологияларды пайда табусыз жеке мақсаттарда, сондай-ақ бағалау, талдау, зерттеу немесе оқыту мақсатында пайдалану;

3) азаматтық айналымға заңды жолмен енгізілген қорғалатын топологиялы интегралды микротәсімді тарату.

2. Басқа автор жасағанына қарамастан, ұқсас түпнұсқа топологияларға қатысты жүзеге асырылған, осы Заңның 6-бабының 4-тармағында көрсетілген іс-әрекеттер топологияларды пайдалануға айрықша құқықты бұзу болып танылмайды.

#### 10-бап. Топологияларды тіркеу

1. Топологиялар авторы немесе өзге құқық иеленуші Қазпатентке тіркеуге өтінім

беру жолымен топологияларды тіркеуге құқылы.

2. Тіркеуге өтінім беру топологияларды пайдаланған, егер сондай болған жағдайда, күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Тіркеуге өтінім бір топологияға қатысты және онда:

1) топология атауына тіркеу сұралып отырған автор (авторлар) және тұлғалар, сондай-ақ олардың мекен-жайлары немесе тұратын жерлері, егер топологиялар пайдаланылған болса, алғашқы пайдаланылған күні көрсетілген тіркеуге өтініші;

2) рефератты қоса алғанда, топологияларды дәлме-дәл келтіруші материалдары;

3) егер тіркеуге өтінім өкіл арқылы берілсе, сенімхаты;

4) тіркеу үшін ақы төленгенін растайтын құжаты болуға тиіс.

Тіркеуге өтінімдерді жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды Қазпатент белгілейді.

4. Тіркеуге өтінімдер түскен соң Қазпатент қажетті құжаттардың бар екенін және олардың осы баптың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сай келуін тексереді. Тексеру нәтижесі оң болған жағдайда, Қазпатент топологияларды Интегралдық микротәсімдер топологиялары мемлекеттік тізіліміне енгізеді, өтінім берушіге топологиялардың тіркелгені туралы куәлік береді және тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Қазпатенттің сұрауы бойынша немесе жеке бастамасымен өтінім беруші мәліметтер бюллетеньде жарияланғанға дейін өтінім материалдарын толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Тіркеу тәртібі, тіркеу туралы куәлік нысаны, онда көрсетілген мәліметтер құрамы, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтер тізімін Қазпатент белгілейді.

5. Интегралдық микротәсімдер топологиялары мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтер, керісінше екендігі дәлелденгенше, шынайы болып есептеледі.

Көрсетілген мәліметтердің шынайлығына өтінімді беруші жауапты болады.

6. Топологияларды тіркеуге өтінім қабылдау, оларды тіркеу, куәліктер беру және оларға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінен туындайтын өзге іс-әрекеттерді қамтитын осы Заңда көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін Қазпатент заңнамаға сәйкес ақы алады.

## 11 - б а п . Е с к е р т у т а ң б а с ы

Өз құқықтары туралы жариялау үшін құқық иеленуші қорғалатын топологияларға, сондай-ақ осындай топологиялар енген бұйымдарға құқық иеленушінің құқығын дәлелдейтін Т бас әрпі түрінде айшықталған ескерту таңбасын топологияларды және ақпараттарды пайдалану айрықша құқығы күшінің мерзімі басталған күнінен қоюға құқылы.

## 12-бап. Топологияларды пайдалануға айрықша құқық күшінің м е р з і м і

1. Топологияларды пайдалануға айрықша құқық топологиялар тіркелген күннен бастап он жыл бойына күшін сақтайды.

2. Егер топологияларды тіркеу жүргізілмесе, аталған он жыл мерзім осы топологиялар немесе осы топологиялы интегралды микротәсім әлемнің кез келген елінде алғашқы пайдаланылған күні құжаттық растағаннан күннен бастап есептеледі.

3. Тіркелген күнге дейін пайдаланылған топологиялар тіркелген реттен айрықша құқық мерзімі осы баптың 2-тармағына сәйкес есептеледі.

4. Басқа автор жасағанына қарамастан, ұқсас түпнұсқа топологиялардың пайда болуы осы баптың 1, 2-тармақтарында көрсетілген айрықша құқық күші мерзімінің өтуін үзбейді және тоқтатпайды, бұл ретте топологияларды пайдалануға айрықша құқық күшінің жалпы мерзімі он жылдан аспауға тиіс.

## 13-бап. Топологияларға құқықты қорғау

### 1. Құқық иеленуші:

- 1) айрықша құқықты бұзуды тоқтатуды;
- 2) бұзушы келтірген шығындарды өтеуді және моральдық зиянды өтеуді;
- 3) айрықша құқықты бұзушы алған кірісті залалдарды өтеу орнына алып қоюды;
- 4) айрықша құқық бұзушының заңнамамен белгіленген оннан елу мыңға дейін айлық есептік көрсеткіш сомасында өтемақы төлеуін талап етуге құқылы. Залалдарды өтеу немесе кірісті өндіріп алу орнына өтемақы мөлшерін сот белгілейді;
- 5) азаматтық айналымға, енгізілген немесе осы мақсатта сақталған және айрықша құқықты бұзу болып танылған интегралдық микротәсімдерді және осындай микротәсімдер енетін бұйымдарды, сондай-ақ оларды жасауға әдейі арналған материалдар мен жабдықтарды жоюды немесе өз пайдасына алып қоюды;
- 6) кімнің құқығы бұзылғаны жөніндегі мәліметтерді қамти отырып, құқықтың бұзылғаны туралы міндетті түрде жариялауды сот тәртібінде талап етуге құқылы.

2. Егер бұл лицензиялық шартта көзделсе, айрықша құқықты бұзушыға талаптар лицензиятқа да қойылуы мүмкін.

## 14-бап. Патенттік сенімді уәкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, біліктілік деңгейі қойылатын талаптарға сай келетін азамат патенттік сенімді уәкіл бола алады. Патенттік сенімді уәкілдерге қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестациялау және тіркеу тәртібін Қазпатент белгіленген тәртіппен айқындайды.

2. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар топологияларды тіркеу жөніндегі істерді Қазпатентте тіркелген сенімді уәкілдері арқылы жүргізеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар топологияларды тіркеуге байланысты істерді Қазақстан Республикасы шегінде хат-хабар жазысуға арналған мекен-жайын көрсеткен жағдайда, патенттік сенімді уәкілсіз жүргізе алады.

3. Патенттік сенімді уәкілдің өкілеттігі оған өтінім беруші, құқық иеленуші берген сенімхатпен расталады.

15-бап. Шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары

Шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен өзгеше көзделмесе, осы Заңмен көзделген құқықтарды Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен бірдей пайдаланады.

16-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен осы Заңда баяндалғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарт ережелері қолданылады.

17-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңның ережелері 1999 жылдың 1 шілдесінен кейін пайдаланыла бастаған топологиялармен байланысты қатынастарға қолданылады.

2. 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін пайдалануы басталып кеткен топологияларға қатысты, егер бұл топологиялар олар алғашқы пайдаланылған күннен бастап екі жыл ішінде тіркелетін болса, 1999 жылдың 1 шілдесінен кейін туындаған құқықтық қатынастарға осы Заң қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті



Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК